

Мемлекет реттейтін баға қолданылатын әуежайлар қызметтерінің номенклатурасы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 1348 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.03.14. N 155 қаулысымен.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.01.26. N 63 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған мемлекет реттейтін баға қолданылатын әуежайлар қызметтерінің номенклатурасы бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.01.26. N 63 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі (келісім бойынша) заңнамада белгіленген тәртіппен бұрын қабылданған нормативтік құқықтық кесімдерді осы қаулыға сәйкес келтірсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы 30 желтоқсандағы

N 1348 қаулысымен

бекітілген

Мемлекет реттейтін баға қолданылатын әуежайлар қызметтерінің номенклатурасы

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.01.26. N 63 қаулысымен.

1. Әуе кемесінің ұшуын және қонуын (қабылдау мен шығаруды) қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер.

1.1. Ұшу-қону жолақтарын, рульдік жолдарын, перрондар ұсыну.

1.2. Әуеайлақты ұстауды және пайдалануды қамтамасыз ету.

- 1.3. Әуеайлақты жарық техникасымен қамтамасыз ету.
 - 1.4. Авариялық-құтқару және өртке қарсы жабдығымен қамтамасыз ету.
 - 1.5. Әуежай маңында ұшулардың қауіпсіздігін орнитологиялық қамтамасыз ету.
 - 1.6. Әуежайдан әуе кемелерінің негізгі ұшу бағыттары бойынша аэронавигациялық жағдайдың аэронавигациялық ақпаратының жедел өзгерістерін ұсыну (әуежай орындайтын жағдайларда).
 - 1.7. Жақындағанда диспетчерлік қызмет көрсету және әуеайлақтық диспетчерлік қызмет көрсету (әуежай орындайтын жағдайларда).
 - 1.8. Радиотехникалық қамтамасыз ету (әуежай орындайтын жағдайларда).
 - 1.9. Метеорологиялық қамтамасыз ету (әуежай орындайтын жағдайларда).
 - 1.10. Ұшу бағыттары бойынша жел режимін ескере отырып, авиациялық жанар-жағармай материалының талап етілетін саны дұрыс есептелуін бақылауды жүзеге асыру (әуежай орындайтын жағдайларда).
 - 1.11. Әуеайлақта жолаушыларға арналған әуе кемесіне қонғаннан кейін 3 сағат және жүк және жүк-жолаушылар әуе кемелерінің сертификатталған түрлеріне қонатын әуежайда өңдеуге (тиеуге және/немесе түсіруге) жататын жүктері (почталары) бар кезде 6 сағат тұру орнын ұсыну.
2. Авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер.
 - 2.1. Әуежайда өткізу және объектішілік режимдерді қамтамасыз ету.
 - 2.2. Әуе кемелерін күзету.
 - 2.3. Әуежайдың кіру шектелген аймақтарында орналасқан радионавигациялық құралдардың, жабдықтардың, ғимараттардың және құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
 - 2.4. Кіру шектелген аймақтарға өтетін жолаушыларды, қол жүгін, багаждарды, азаматтық авиация әуе кемелерінің экипаж мүшелерін, авиациялық персоналды және өзге ұйымдардың қызметкерлерін тексеріп қарау.
 - 2.5. Әуе кемесін, жүктерді, почталарды және борт тамақтарын тексеріп қарау.
 - 2.6. Заңсыз араласу актілерінің жолын кесу жөніндегі іс-қимылдарға әуежайдың күштері мен құралдарын әзірлікте ұстау.
3. Әуе кемесіне негізгі әуеайлақта тұру орнын беру жөніндегі қызметтер.
 4. Жолаушыларды тіркеуге арналған жұмыс орнын (алаңын) беру жөніндегі қызметтер.
 5. Әуе кемесіне тұру орнын 1.11-тармақта белгіленген уақыттан тыс беру жөніндегі қызметтер.

Ескерту. 3,4,5-тармақтармен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.01.26. N 63 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК